



Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 31 тамыздағы № 862 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 31 тамызда № 39777 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4 Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Әділет министрі

Е. Сарсембаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2026 жылғы 31 тамыздағы
№ 862 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Сот сарапшысы біліктілігін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 335 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15031 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сот сарапшысы біліктілігін беру қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Бірыңғай байланыс орталығы (бұдан әрі – байланыс орталығы) – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат

беру, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға";

2-тармақтың 7), 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

8) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – Портал)– мемлекеттік органдар және мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, нормативтік құқықтық базағаны қоса алғанда, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 1 және 2-тізбелерде (бұдан әрі – 1 және 2-тізбелер) баяндалған.

Көрсетілетін қызметті алушы тестілеу тапсыруға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын Портал арқылы ССО-ға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

ССО өтініш түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

ССО құжаттар тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді ССО тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, 1, 2 Тізбеге сәйкес құжаттар топтамасы толық емес ұсынылған жағдайларда ССО өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Бұл ретте ССО мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін 2 (екі) жұмыс күніне тоқтата тұрады және көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін жойылмаған жағдайда ССО осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға оның абоненттік нөміріне қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы немесе Портал арқылы "жеке кабинетіне" тестілеу өтетін орын, күн, уақыт және оны өткізу тәртібі туралы хабарланады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. ССО 2 (екі) жұмыс күні ішінде біліктілік куәлігін ресімдейді.

ССО біліктілік куәлігіне 1 (бір) жұмыс күні ішінде қол қояды.

Біліктілік куәлігі көрсетілетін қызметті алушыға Портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жіберіледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

2. "Сот сарапшыларын аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 336 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15033 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сот сарапшыларын аттестаттау қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Бірыңғай байланыс орталығы (бұдан әрі – байланыс орталығы) – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;"

2-тармақтың 9), 10) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

10) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) – мемлекеттік органдар және мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, нормативтік құқықтық базағаны қоса алғанда, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Аттестаттауға жататын көрсетілетін қызметті алушылар ССО-ға аттестаттаудан өту күніне дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштер Портал арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

ССО өтініш түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

ССО құжаттар тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді ССО тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, 1, 2-тізбеге сәйкес құжаттар топтамасы толық емес ұсынылған жағдайларда ССО өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Бұл ретте ССО мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін 2 (екі) жұмыс күніне тоқтата тұрады және көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін жойылмаған жағдайда ССО осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға оның абоненттік нөміріне қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы немесе Портал арқылы "жеке кабинетіне" аттестаттау өтетін орын, күн, уақыт және оны өткізу тәртібі туралы хабарланады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Қайта аттестаттау кезінде заңнаманы білуге арналған тестілеу бойынша шекті деңгейден өткен көрсетілетін қызметті алушы практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған тестілеуге жіберіледі. ССО 1 (бір) жұмыс күні ішінде аттестаттаудан өткені/өтпегені туралы шешімді электрондық форматта ресімдейді, ол көрсетілетін қызметті алушыға Портал арқылы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ССО басшысының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі. Аттестаттаудан өту туралы шешім шығарылған күнінен бастап 5 (бес) жыл бойы жарамды болып табылады. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшылары қайта аттестаттаудан өтпеген жағдайда, олармен жасалған еңбек шарты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес бұзылады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

3. "Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 5 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20503 болып тіркелген) мынадай өзгерістер:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – Портал)– мемлекеттік органдар және мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, нормативтік құқықтық базағаны қоса алғанда, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы)";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 6 (алты) жұмыс күні, лицензияға қосымша беру – 6 (алты) жұмыс күні, қайта ресімдеу – көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз жұмыс күні ішінде 20 (жиырма) минут, тоқтата тұру – 2 (екі) жұмыс күні"

;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының лицензия беру үшін ұсынған құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы, ақы төленгені туралы мәліметтерді, наркологиялық науқастарды (динамикалық байқау туралы (не динамикалық байқаудың болмауы туралы) мәліметтерді, психикалық мінез-құлық

бұзылыстары бар науқастарды динамикалық байқау туралы (не динамикалық байқаудың болмауы туралы) мәліметтерді, лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілген қызметті алушы Тізбеге сәйкес құжаттар топтамасы толық емес ұсынылған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін 2 (екі) жұмыс күніне тоқтата тұрады және көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензия алу үшін құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, жауапты орындаушы 4 (төрт) жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды және лицензия беру туралы бұйрықты не уәжді бас тартуды дайындап, уәкілетті адамға қол қоюға жібереді.";

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті алушының лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініші көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат ауыстырылған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Портал арқылы ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында беріледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының лицензияға қосымша беру үшін ұсынған құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы, ақы төленгені туралы мәліметтерді, наркологиялық науқастарды (динамикалық байқау туралы (не динамикалық байқаудың болмауы туралы) мәліметтерді, психикалық мінез-құлық

бұзылыстары бар науқастарды динамикалық байқау туралы (не динамикалық байқаудың болмауы туралы) мәліметтерді, лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілген қызметті алушы Тізбеге сәйкес құжаттар топтамасы толық емес ұсынылған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін 2 (екі) жұмыс күніне тоқтата тұрады және көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензия алу үшін құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, жауапты орындаушы 4 (төрт) жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды және лицензия беру туралы бұйрықты не уәжді бас тартуды дайындап, уәкілетті адамға қол қоюға жібереді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Цифрлық жүйе істен шыққан, электрондық байланыс болмаған немесе хабарламаларды жіберуге кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесі "цифрлық үкімет" операторын (бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді, оператор техникалық іркілістердің туындағаны анықталған сәттен бастап көрсетілген себептерді анықтау және жою жөнінде шаралар қабылдайды (жұмыс күндері сағат 8:00-ден 17:30-ға дейін). Егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын келіп түссе, мерзім келесі жұмыс күнінен басталады."

;

Қағидаларға 1-қосымша осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 5-қосымша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 6-қосымша осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Сот сарапшысы біліктілігін
беру қағидаларына
1-қосымша

"Сот сарапшысы біліктілігін беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Сот сарапшысы біліктілігін беру
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса)	жоқ
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	www.egov.kz , www.elicense.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	7 (жеті) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	электрондық (ішінара цифрландырылған)
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігі не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда,

9	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	белгіленген жұмыс кестесіне сай дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 8:00-ден 17:30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 12:00-ден 13:30-ға дейін. Егер мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті алуға өтініш көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын келіп түссе, мерзім келесі жұмыс күнінен басталады; 2) www.egov.kz, www.elicense.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Тестілеу өткізілетін орындардың мекенжайлары ССО жіберетін хабарламаларда көрсетіледі.
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін мәліметтер тізбесі	1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, жеке тұлғаның мүгедектігі туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның	1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің (мәліметтердің) Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылған;

	кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер	3) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берілетін келісімінің болмауы; 4) мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктердің жойылмауы.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	1) көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мүмкіндігіне ие; 2) көрсетілетін қызметті алушы Порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігіне ие; 3) Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретін адамдарға арналған нұсқа қолжетімді; 4) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.adilet.gov.kz интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Сот сарапшысы біліктілігін
беру қағидаларына
2-қосымша

"Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалардың белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалардың белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік беру
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса)	жоқ
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	www.egov.kz, www.elicense.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	7 (жеті) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	электрондық (ішінара цифрландырылған)
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігі не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі
		1)көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сай дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 8:00-ден 17:30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 12:00-ден 13:30-ға дейін. Егер мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті алуға өтініш көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын келіп түссе, мерзім келесі жұмыс күнінен басталады;

9	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	2) www.egov.kz , www.elicense.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Тестілеу өткізілетін орындардың мекенжайлары ССО жіберетін хабарламаларда көрсетіледі.
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін мәліметтер тізбесі	1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, жеке тұлғаның мүгедектігі туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің (мәліметтердің) Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылған; 3) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берілетін келісімінің болмауы; 4) мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен

		кейін анықталған кемшіліктердің жойылмауы.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	1) көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мүмкіндігіне ие; 2) көрсетілетін қызметті алушы Порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігіне ие; 3) Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретін адамдарға арналған нұсқа қолжетімді; 4) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.adilet.gov.kz интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 өзгерістер енгізілетін кейбір
 бұйрықтарының тізбесіне
 3-қосымша
 Сот сарапшысы біліктілігін
 беру қағидаларына
 4-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

20__ жылғы "__" _____ № _____

Құрметті _____!

Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға берген өтінішіңіз

" _____ "

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

20__ жылғы "__" _____ № _____ болып тіркелген өтінішіңіз қаралды.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрды.

Тоқтата тұру негізі

(қажеттісін белгілеңіз):

азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) не заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтары құқық мирасқорлығына жол беретін болса;

азамат Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

